



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕРДІ ДАМЫТУ

ӘЛЕУМЕТТІК БІРТҰТАСТЫҚТЫ
АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ:
ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ТӘЖІРИБЕ



БҰҰ деректері бойынша, 2007 жылдан бастап әлем халқының жартысынан көбі қалаларда тұрады; ал 2030 жылға қарай бұл үлес 60% дейін өседі деп күтілуде. Сонымен қатар, қалалық жоспарлаудың маңыздылығы артып келеді, оның дұрыс іске асырылмауы теңсіздіктің өсуіне және қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін.

2030 жылға қарай қалаларда қазақстандықтардың 61,2%-ы немесе 12 млн астам адам, оның ішінде ел жастарының 66%-дан астамы **тұратын болады**. Қарқынды урбандалу қала билігін тығырыққа тірейді, олар жұмыс орындарына, білімге, қызметтерге, инфрақұрылымға тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, елді мекендердің біркелкі дамуы үшін елеулі күш-жігер жұмсауы қажет болады.

«Қолайлы қоғамдық кеңістік» белгілері

Әлеуметтанушы және урбанист Уильям Уайт **қоғамдық кеңістікті дамыту кезінде үш негізгі факторды: жайлылық, тамақтану және белсенділікті ескеру қажет** деп жазды.


Еуропалық комиссия бұл тұрғыда **«аумақтық біртұтастық»** терминін қолданады: бұл, бір жағынан, қаланың физикалық формасымен және ондағы байланыстарға қатысты аумақтық тепе-теңдік, екінші жағынан, **әлеуметтік және экономикалық тепе-теңдіктің жағдайы, тауарлар мен қызметтерге тең қол жетімділік, функциялар мен мәдениеттердің әртүрлілігі**¹.

Қауіпсіз қоғамдық кеңістіктердің болуы:

- **әлеуметтік жіктелуді азайтуға** мүмкіндік береді
- нақты ауданда **тұрғын үйдің құнын арттырады**
- адамдардың психикалық саулығына оң әсер етеді.

Қоғамдық кеңістікті ұйымдастыру: халықаралық тәжірибе

- Жергілікті тұрғындардың қажеттіліктері.
- Инклюзияны ынталандыру.
- Бұрынғы өнеркәсіп аймақтарының реновациясы.
- Әлеуметтік проблемаларға назар аудару.
- «Қолайсыз аудандар» түсінігін өзгерту.



Дереккөз: rps.org

¹ Faludi, A. (2006). From European spatial development to territorial cohesion policy. Regional

1-сурет. Боготада тұрғын ауданның трансформациясы, Колумбия

Қазақстандағы қоғамдық кеңістіктер мәдениетінің жеткіліксіз дамуы ішінара кеңестік мұра болып табылады: қоғамдық санада олар бұқаралық іс-шаралар өткізуге арналған үлкен бос алаңдар ретінде қарастырылады. Сондай-ақ сарапшылар бұны елдегі урбанизация салыстырмалы түрде жаңа құбылыс, ал халықтың тығыздығы төмен екендігімен **байланыстырады**.

Қазақстан тәжірибесі

Мәселен, Орбита, Тастақ және Шаңырақ шағын аудандары мысалында Urban Forum Kazakhstan жүргізген «Алматының Орталық емес аудандары тұрғындарының әлеуметтік бірегейлігін **зерттеу**» бойынша оларға жабық әлеуметтік капиталдың² жоғары көрсеткіштері тән екені, ал ашық³ және байланыстыратын⁴ капиталдар бұл жерде жеткіліксіз екені анықталды. Бұл осындай қоғамдастық тұрғындарының кейбір топтарын қоғамдық өмірден «шеттететін» жағдай туғызады, олардың маргиналдану қаупі артады. Авторлар әкімдіктерге, бизнеске және үкіметтік емес секторға тұрғындардың азаматтық бастамаларын ынталандыру арқылы, олардың экономикалық дамуына инвестициялар тарту және орталық емес аудандарға кеңсе орындарын ауыстыра отырып, осы аудандардың жабық әлеуметтік капиталының әлеуетін пайдалануды ұсынады.

Алматы қаласының Тастақ шағын ауданындағы «Көршілерге арналған театр» әлеуметтік **жобасы** осы міндеттердің бір бөлігін шешуге бағытталған болатын: қордың, жергілікті тұрғындардың, қала театрларының арнайы шақырылған қызметкерлерінің күшімен инклюзивті театр түрінде ау-

данның проблемалары туралы тұрғындармен диалог іске қосылды; сонымен бірге мәдени өмір жанданды; маңызды құрамдас бөлігі – жобаның дербестігі, бұл болашақта тұрғындар оның жұмысын өздері жүргізе алуы үшін қажет.

Urban Forum Kazakhstan мамандары «Қала үшін жақсы нәрсе жасағысы келетін, бірақ қалай екенін білмейтіндерге арналған қадамдық кеңестер» әдістемелік **құралын** әзірледі, онда белсенділердің қалалық ортаны дамытуға – проблемалық мәселелерді анықтау мен команда құрудан бастап серіктестерді тартуға және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылға дейін қалай қатыса алатындығы егжей-тегжейлі сипатталады.

Елордада төменгі деңгейлік бастамаларды дамытудағы Fading.TSE⁵ жобасының

маңызы зор, ол Нұр-Сұлтан қаласындағы тарихи қалалық кеңістіктер мен құрылыстарды, олардың өзгеруін зерттейді. Естеліктер мен бірегейлікке арналған талқылауларды, көрмелер мен сәулетшілермен кездесулерді ұйымдастырумен қатар, белсенділер қаланың болашағы туралы: ол бірегей мозаиканы сақтау немесе Целиноградтың ескі емен ағашын қорғау секілді талпыныс түріндегі қоғам мен қала билігімен диалогқа араласады.

2021 жылдың қысында елорданың орталығында орналасқан Талдыкөл көлдерінің экожүйесінің тағдыры туралы жалғасып жатқан пікірталастардан кейін белсенділер көлдерде мұз айдыны мен балалар төбешігін салып, «демалыс күн» қоғамдық кеңістігін ұйымдастырды; оған бірнеше ондаған адам қатысты.



2-сурет. Эко-белсенділердің күшімен жасалған Талдыкөлдегі уақытша қоғамдық кеңістік, 2021 қаңтар


Дереккөз: Facebook Fading TSE

² Тығыз байланыс негізінен туыстардың, көршілердің, бизнес-серіктестердің арасында қалыптасады.

³ Қоғамдастық – экономикалық және әлеуметтік мәртебесі ұқсас адамдар деңгейіндегі байланыс.

⁴ Қоғамдастықтан тыс байланыстар (атап айтқанда, тік деңгейдегі байланыс).

⁵ “Жойылып бара жатқан Це[линоград].”



Phillip Ward

Местный эксперт · 24 отзыва · 39 фото

★★★★★ месяц назад

A small pedestrian area in Ust, bordered by a coffee shops, restaurants and bars. Should be nice in Summer, on cold winter nights the decorative lights make it a lively place to walk through

(Переведено Google)

Небольшая пешеходная зона в Усть, граничащая с кафе, ресторанами и барами. Летом должно быть хорошо, холодными зимними ночами декоративные огни делают его оживленным местом для прогулок.

👍 Нравится

3-сурет. Өскемендегі Арбат және келушінің пікірі

Қоғамдық кеңістіктер құру жөніндегі төменгі деңгейлік бастамалар қоғамдастықтардағы өзара іс-қимылдың басқа да тетіктерін іске қосады: мәселен, Алматы қаласының шетіндегі көлді тазарту жөніндегі жобадан әкімдіктің ресурстары мен донорлардың қаражатын **тартатын**, жергілікті тұрғындардың күш-жігері мен міндеттемелерін құжаттайтын Алматының экологиялық Даму Қоры қоғамдық бірлестігі қалыптасып шықты.

Өз кезегінде, Қазақстандағы халықаралық ұйымдар жергілікті қоғамдастықтарды жұмылдыру, өмір сүру сапасын және азаматтық белсенділікті арттыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін қоғамдық кеңістіктер құрутәсілін пайдаланады. 2018-2021 жылдары іске асырылатын БҰҰДБ «Орталық Азиядағы зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу мақсатында қоғамдастықтың тұрақтылығын және өңірлік ынтымақтастықты нығайту» жобасы осал санаттағы жастардың әлеумет-

тік бастамаларын ынталандыруға, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамдастықпен байланысын нығайтуға бағытталған⁶. Маңғыстау облысындағы Орталық Азияның Еуразия қорының «Қоғамдық кеңістіктері» **жобаларының** басты міндеті жергілікті тұрғындардың азаматтық санасын, олардың өз қоғамдастықтары үшін жауапкершілігін арттыру болып табылады – олар өздерінің қажеттіліктерін өздері анықтайды және әлеуметтік жобалар жасайды.

⁶ БҰҰ ОАПДАО (2018) Өңірлік және халықаралық ұйымдардың Орталық Азияда Жаһандық Контртеррористік стратегияны іске асыруға арналған Бірлескен іс-қимылдар жоспарын қолданысқа енгізуге бағытталған бастамаларын шолу. БҰҰКТУ және БҰҰ РЦПДЦА бірлескен бастамасы. Бастамаларды шолу (Матрица), 7-б.

Қазақстан үшін ұсынымдар

Қоғамдық кеңістікті ұйымдастыру проблемасы Қазақстанның жария және мемлекеттік дискурсында тұр (мысалы, бас жоспар бойынша қоғамдық кеңістіктермен қамту және Нұр-Сұлтан қаласының 50%-дан астам алаңын көгалдандыру **жоспарланды**; ұқсас стратегиялық міндеттер елдің басқа қалаларында да іске асырылуда). Алайда, осы жобалардың тәсілдері мен орындалуына байланысты бірқатар проблемалар мен шектеулер бар:

Жергілікті климаттық жағдайларда жарамсыздығы

мысалы, ашық кеңістікте орнатылған орындықтар қатты жел және ыстық күндері пайдаланылмайды

Сәйкес келмейтін немесе «қолайсыздық» туғызатын ағаштарды отырғызу

мысалы, көбінесе көгалдандыру жобалары бойынша отырғызылған қылқан жапырақты ағаштарды көбірек көлеңке жасайтын және жылу мен суыққа төзімді жапырақты ағаштармен алмастыру ұсынылады

«Жоғарыдан қарау» тәсілімен жоспарлау

жоспарда тиімді көрінетін жолдар және басқа да инфрақұрылым объектілері дербес маршрутын қалыптастырантын «пайдаланушылар» үшін қолайсыз болуы мүмкін

Азаматтардың жекелеген санаттары үшін қолжетімсіздігі

инклюзивті инфрақұрылым - балалардың, мүгедек адамдардың қауіпсіз болуына және т.с.с. арналған жарақтар, дәретханалардың жоқтығы және т.с.с

Қасақаны сапасыз материалдарды қолдану, эргономикалық емес дизайн

Қазақстандағы инклюзивті, «әлеуметтік жасампаз» қоғамдық кеңістіктерді ұйымдастыру үшін сарапшылар берген ұсыныстардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

Қалалық ортадағы өзгерістер әкімшілік, белсенділер, жергілікті тұрғындар мен бизнес арасындағы консенсустың нәтижесі болуы керек

әлемдік тәжірибеге сәйкес, оларды пилоттық режимде іске қосу керек, бұл «маневр жасауға қажетті кеңістіктің», яғни сәтсіз болған жағдайда өзгерістер жасау үшін

Жаңа қалалық аудандар қоғамдық инфрақұрылымға, қатысу тәжірибесін ұйымдастыруға көп көңіл бөлуі керек

қоғамдық кеңістіктерге инвестициялардың бір бөлігі құрылыс салушының есебінен тартылуы мүмкін

Қоғамдық кеңістіктердің өзіндік ерекшелігі болуы керек, ол аймақтың ерекшеліктерін көрсетеді және жергілікті тұрғындардың «жеке» қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді

кейін олар қаланың, елдің «символына» айналу мүмкіндігіне ие болады

Табысты тәжірибелерді ауқымды ету үшін және абаттандыру және қоғамдық кеңістіктерді құру бойынша төменгі деңгейлік бастамаларды көтермелеу үшін жағдай жасау қажет

жергілікті деңгейде мәселелерді шешуден басқа, бұл патернализм деңгейін төмендетуге, азаматтық қатысуды арттыруға тікелей әсер етеді